

І ТУЫ

ТІНІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

Февраль Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жұмысшы тілшілері мен село тілшілері... өзінің көпшілігі сезгір, жалынды шыншыл, қайткенде де біздің кемшіліктерімізді әшкерелегісі келетін, түзеткісі келетін осы адамдар, оқтан қорықпайтын адамдар,—міне осы адамдар, меніңше, біздің кемшіліктерімізді табу ісінде және жергілікті жерлердегі біздің партиялық, советтік құрылыс жұмысымызды түзету ісінде негізгі тіректеріміздің бірі болуға тиіс.

И. СТАЛИН.

уыл-
і

Артель шаруашылығын „Еңбек“ колхозының колхозшыларынша өркендетейік!

КОЛХОЗДЫ АУЫЛДЫҢ ДӘУЛЕТІ

орап жазбай, жұмысымызды баяндап, онда, осы менің партия мен мемлекеттік мүддесі отыр ма деп ойлап отырмай, принциптерден ой жіберіп, сауаға тиіс. Бұл ақала әсерлі, жеркомсомол, кәсіпшілігі болады. Онда тілшілердің алдында тұрған ет, комсомол ұйымшылығымыздағы жұмыс онімділігін арттырып жақсарту беруінді стахановшыларын кеңінен нақты ілігіне айыптарды деркезінде ау үшін большевикпенді күшейте беру совет ұйымдары ашылары қоғамдықсыз, күйлі қалпын, өз, совхоз малшыларуға міндетті. Кол-

1. Еңбек өрлеуі

—Бүгінгі талаптарға сай табыстарға жету, колхозшы шаруалардың еңбек майданындағы белсенділігін арттыру, артель шаруашылығының барлық салаларында жаппай өрлеу туғызу,—дейді Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозының председатели К. Умітбаев жолдас,—біздің алдымызға қойылып отырған негізгі міндет, қасиетгі борышымыз. Ал, бұл талаптарды қалтқысыз жүзеге асыру үшін еңбек ұйымдастыруды мықтап жолға қою керек.

Міне, бұл —бүгінгі «Еңбек» колхозы мүшелерінің ойы мен пікірі. Сондықтан да мұнда әрбір колхозшы еңбекке аброй әперетін, даңқ шығаратын, ер атандыратын іс деп қарайды, оған белсене араласады. Колхоз дәулетінің күннен-күнге артып, артель шаруашылығының жоспарлы, перспективті түрде алып адыммен өркендеуінің де сыры осында.

Бастауыш партия ұйымы (секретарь Н. Браева жолдас) және колхоз басқармасы партия-саяси және шаруашылық жұмыстарды тығыз ұштастыра жүргізеді.

арттыра түсу—артельдің алдында тұрған негізгі міндет.

Іс жүзінде бұл міндет ойдағыдай шешіліп те келеді. Ең алдымен, егіс көлемі жылдан-жылға ұлғайтылуда, немесе көзгі егіс көлемі 1946 жылғыдан 1,5 есе артық. Егер 1946 жылы әрбір үйге шаққанда колхоздағы бір үйге 11,3 гектардан егіс келсе, көзгі бір үйге 22,6 гектардан келеді.

Бірқатар жылдар бойына ауа райының қолайсыз болып келгеніне қарамастан, өзат агротехникалық әдістердің өндірістік бригадалардың жұмысына мықтап енгізілуі егіс шаруашылығының жыл сайын өркендей түсуін қамтамасыз етіп келеді. Соңғы екі жылда оған дейінгі 4 жылғыны қоса есептегендегінен мемлекетке астық 3 есе артық тапсырылды. 1951 жылы астық тапсыру жоспары 134 процент орындалды.

Колхозда егіншілік мәдениетінің жоғары сатыға көтерілуінің негізгі себебі —жерді жұмыстау, егін жыйнау және астық бастыру жұмыстары түгелге жуық механизация күшімен жүргізіледі.

Ауылшаруашылық артелинің мүшелері

қойдан 1 килограмм жүн артық қырқыды. Малдың күйі көзгі уақыттың өзінде орта және ортадан жоғары. Өткен екі жыл ішінде мемлекетке 30.000 литр сүт тапсырылды.

Колхоздың қоғамдық өнімді малын асқан қамқорлықпен, мәпелеп өсіруге жетіккен артель мал өсірушілерінің кейбір ігі жетістіктері осындай.

«Еңбектің» малы зоотехникалық мал дәрігерлік ережелерге сай күтіледі. Малдың барлық түлігі жеткілікті мөлшерде жемшөпшен, жылы қоракен қамтамасыз етілген. Колхоз малының қажетінен тыс 2.500 центнердей шөпті басқа жерлерге беруге мүмкіншілік бар. Бұл — колхоз үшін ақшадай есептегенде 60.000 сом мөлшерінде таза кіріс болып табылады.

Мал фермаларындағы жұмысшылардың еңбегін жеңілдету мақсатында жыйыл мал жел двигателі күшімен суарылатын болды. Бұл көмінде 5 адамды басқа жұмыстарға ауыстыруға мүмкіншілік тулы. Жаңадан тағы бір жел двигателі орнатылмақ.

Мал— колхоз кірісінің негізгі көзі. Малдың өнімділігін арттыра беру есебінен

арқылы ақша кірісінен бөлінбес қорды толықтыра түсуге және басқа мұқтаждарға қаржыны көбірек бөлетін болды. Осы екі статья бойынша ақша кірісінен қаржы жоспардағыдан 13 процент артық бөлінді.

Мұнда қоғамдық шаруашылықтың өсуі, оның кірісін арттыру негізден ішкі мүмкіншіліктерді, колхоздың өзіне тән қаржыларды пайдалану есебінен жүргізіледі. Ұзақ және қысқа мерзімдегі қарыздар ретінде мемлекет қаржыларының пайдаланылуы мұнда аудандары басқа колхоздарыкінен 3—4 есе кем. Колхоз түрлі төлемдер жөнінен мемлекетпен толық есеп айырысқан.

Соңғы үш жылдың ішінде дәнді дақылдардың тұрақты тұқым қоры жасалуы колхоздың бірнеше ондаған мың сом қаржыны үнемдеуіне мүмкіншілік берді. Өйткені, тұқымды сатып алуға және оны сауға қаржы жұмсалмайды.

Колхоздың үнемделген қаржылары үстіміздегі жылы еңбекті механикаландыруға және жоспарланған мәдени құрылыстарға жұмсалмақ.

5. Жаңа құрылыстар

ленинизм еліміз үйрену ісіне жеткендігінің бірі қарау тілшілік міндеттің Сталин жолдас айқындап берген мәніне жете түсінбеу болады. Совет адамы, тілші, толық мағнасында саяси сауатты болғанда ғана әлеуметтік мәселелерге, Отан игілігіне мемлекеттік тұрғыдан қарайтын дәрежеге көтеріледі. Бұл — тілшілеріміз үшін керекті қасиеттердің бірі болып табылады, өйткені, тілші жеке қарабасының, жаңындық, тамыр-таныстық мүд-

шыларға өш, Ленин — Сталин партиясының ісіне қалғаксыз берілген, үлкенді кішілі мәселелерге мемлекеттік тұрғыдан мән беріп қалыптасқан, білімді, саяси сауатты, мәдениетті адам болуға тиіс. Сонда олар партия мен үкмет, совет баспасөз қызметкерлерінің ең жақын досы болып, Сталин жолдастың жұмысшы және село тілшілеріне көрсетіп отырған зор сенімін ақтай алады.

— 00 —

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық кеңесі

20 февраль күні облыстық драма театры үйінде ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық кеңесі ашылды. Кеңеске колхоз председателдері, МТС, совхоз директорлары, аудандық партия комитеттерінің секретарьлары мен аудандық Совет атқомдерінің председателдері және ауыл шаруашылығының мамандары барлығы 600-ден астам адам шақырылған.

Кеңесті еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқомінің председателі **К. Осланов** жолдас ашты.

КК(б)П Көнүхов аудандық комитетінің секретары **Амантаев** жолдастың ұсынысы бойынша 41 адамның кеңестің президиумы сайланды.

КК(б)П Преснов аудандық комитетінің секретары **Долженко** жолдастың кеңестің Күрметті Президиумына КК(б)П Орталық Комитетінің Н.В. Сталин жолдас бастаған Саяси Бюросын сайлау жөніндегі ұсынысын кеңеске қатысушылар ду қолпапалақтаумен қарсы алды. Бұл орындарынан тұрды. Залға ұлы Сталиннің құрметіне ду овация жасалды.

Кеңеске қатысушылар 20 февраль күнгі мәжілісте облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы **Смельяненко** және Петропавл совхоздар тресінің директоры **Земченко** жолдастардың «1952 жылғы көктемгі егіске әзірлік және оны өткізу міндеттері туралы» баяндамаларын тыңдады.

Кеңестің 21 февральдағы таңертеңгі мәжілісінде «1952 жылы колхоздар мен

совхоздарда қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жоспарын орындаудың шаралары туралы» КК(б)П облыстық комитетінің секретары **С. Ниязбеков** жолдас баяндама жасады.

Баяндамалардан кейін қызу жарыссөз басталды.

Күндізгі мәжілісте КК(б)П Петропавл аудандық комитетінің секретары **Исаков**, Совет ауданындағы Шағлы МТС-нің директоры **Филиппов**, Көнүхов аудандық Советі атқомінің председателі **Филиппенко**, Петропавл ауданының Сталин атындағы колхозының председателі **Бержатый**, Октябрь аудандық атқару комитетінің председателі **Мусин**, Полудень ауданындағы «Париж Коммунасы» колхозының бұзау күтушісі **Восипенко**, КК(б)П Соколов аудандық комитетінің секретары **Брикунов**, Преснов ауданының Сталин атындағы колхозының председателі **Михайлов**, Токшын совхозының директоры **Гуляев**, Приешім аудандық ауылшаруашылық бөлімінің зоотехнигі **Супрунко**, Социалистік Еңбек Ері **Мәдібаев**, Ленин ауданындағы Куйбышев МТС-нің директоры **Потакин**, облыстық тұтынушылар одағының председателі **Писсунов** жолдастар жарыссөзге шығып сөйледі.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық кеңесіне КК(б)П Орталық Комитеті ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі **Ф. Кәрібжанов** жолдас және Қостанай облысы еңбекшілерінің делегациясы қатысуда.

раев, Алексей Калиберлин, Әмина Қолыганова, тракторшы Қуанбай Әкәнов жолдастар да колхоз өндірісіндегі көрнекті тұлғалар.

Олардың барлығы да социалистік ауыл шаруашылығының колхоз өндірісімен бірге қайнасып, бірге өскен, егін және мал шаруашылығын өркендетуге күн сайын өзінің лайықты үлесін қосып жүрген озаттары. Колхозды ауыл дәулетінің барған сайын артуы, шаруашылықтың барлық салаларының тең өсуі, колхозшылардың алауқат және мәдениет дәрежесінің жоғары көтеріле түсуі де еңбектің игі жемісі.

2. Егін шаруашылығы

Егін шаруашылығы — «Еңбек» колхозы үшін шаруашылықтың жетекші саласы. Колхоздың экономикалық қуатын нығайта беру жолында егін шығымдылығын

Облыс еңбекшілері «Еңбек» колхозын — «Бай Еңбек» деп атайды. Шыңында бұл ат оның мал шаруашылығының, әсіресе, жылқының өскендігіне байланысты қойылған ат. «Еңбек» — төрт түлік малды тең өскен колхоз. Бұдан 5—6 жыл бұрын ірі қара мал фермасында ірілі-ұсақты небары 170 мал болатын, оның ішінен 27-і сауын сыйыр. 1951 жылы ферманың жалпы отары 3 есе, сауын сыйыры 4 есе өсті. Ауылшаруашылық артелінің барлық мал басын үй санына бөліп есептейтін болсақ, әрбір үйге 28 бас малдан келеді.

Қоғамдық өнімді мал шаруашылығын өркендетудің ұшжылдық жоспары жылқы жөнінен 1,2 процент, қой жөнінен 8 процент артық орындалды. Әрбір сауын сыйырдан 1400 литрден сүт сауылды, 1946 жылғымен салыстырғанда әрбір

1951 жб

Колхоз дiрудi жадастырды қымьзды мал шарасын кiрi Арте ның кiрi тар, қар сайды. Ө парлагалық шытi, ұсақ арналған Куралса жерде д ралсайм көптеп Колхоз статияла



комінде

Әптің талан-таражға алары туралы

Отырған шыларға өзін күнін бала-бырларын ырылған мемлекет Осының болғач пөп тал-путь» жолдас) жемшөп 1 февра-үшін дов ау-колхозы жолдас) тонна і жылғы нна шөл-ы жем-қамтам-ска да

сын. Арнаулы күзетшілер мен істе сынал-ған және тандаулы (колхозшылар есебінен бөлінген жауапты күзетшілердің тәулігі бойы байқауы қамтамасыз етілсін; мал азығының қолда барын есепке алу және жұмсау ісінде тиісті тәртіп орнатылсын. Үкмет қаулысына сәйкес, барлық колхоздарда арнаулы фуражирлер міндетті түрде тағайындалатын болсын, бұдан былай жемшөп тек колхоз председателі мен есепші қол қойған ордер бойынша ғана босатылсын, жемшөп жұмсау жоспарын қатаң сақтау, әрбір топ және мал түрі бойынша күнделікті норманы сөзсіз жүзеге асыру керек;

Осы жылғы 1 мартқа дейін жемшөп мал қораларына тасылып алынсын. Бұған колхоздар мен совхоздардың және басқа да шаруашылықтардың барлық көлік күшін қатыстыру керек. Шөп тасуға бөлінген тракторлардың тәулік бойы жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін. Облыстық ауылшаруашылық басқармасына МТС директорларына колхоздарға жемшөп тасыйтын тракторды ешбір кідіріссіз беруге міндеттелсін.

Облыстық Совет атқоми аудандық Совет атқомдерін, аудандық ауылшаруашылық бөлімдерін, МТС директорлары және колхоз басқармаларын барлық колхоздарда жай және аралас азықты малға берер аясында дайындап алу жұмысын (сөзсіз ұйымдастыруға, жемшөпті ұқыптау үшін жасалған агрегаттардың жұмысқа қосылуын қамтамасыз етуге, колхоздардағы мал азығын буландырғыш машиналар мен мал азығын жұмыстайтын басқа да машиналарды іске қосуға міндеттеді. Колхоздардың сабанды, сапасы төмен шөпті және дәнді мал азығын алдын ала дайындап алмай малға беруге тыйым салын-сын.

БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ

Алексей Николаевич Толстой

(қайтыс болғанына 7 жыл толуына)

Отанымызға зор хауіп төнгең 1941 жылдың 27 июнінде «Бұл — менің туған елім, менің туған жерім, менің Отаным, өмірде саған деген сүйіспеншіліктен ыстық, терен және қасиетті сезім жоқ...» деп жазды атақты совет жазушысы Алексей Толстой өзінің «Біз нені қорғаймыз» деген мақаласында. Қызыл Армия — жеңілмейтін армия, өйткені, бұл тәуелсіз халықтың «бостандық армиясы, жер үстіндегі бейбітшіліктің, жоғары мәдениеттің гүлденген өмір мен бақыттың қорғаушысы» — деді ол. Осы жылдың күзінде «Жау Москваға хауіп төндіріп отыр» деген мақаласында жазушы сүйікті астанамызды қорғаған әрбір жауынгердің жүрегінен орын алатындай жалынды сөздер айтты. Ол: «Отаным менің, сенің үлесіне ауыр сыннан өту тиді, бірақ, сен одан жеңіспен шығасын, өйткені, сен күштісің, сен жассың, сен жақсысың, өзіңнің жүрегіңді сен жақсылық пен әсемдікте ұстайсың. Сенің бүкіл өнбойыңда жарқын болашақтың үміті, оны сен өзіңнің алып қолдарыңмен құрудасың, ол үшін сенің тандаулы ұлдарың жан беруде» — деді. Ол өз елін, өз халқын жалынды сүйген патриот — жазушы болды.

Алексей Николаевич Толстой 1883 жылы Самара губерниясындағы Сосновка хуторінде аukatты адамның семьясында туды. Жазушылық қызметінің алғашқы кезеңдерінде ол символист-декаденттер ұйымдарының жыйналыстарына қатысып жүрді. Бірақ, жазушы көп ұзамай декаденттерден және «неореалистер» дегендерден күдер үзіп, олардың керіартпа әдеби жолдарына қарсы күрес жариялады.

Ол кездегі Арцыбашев, Каменский сыяқты декаденттердің негізгі тақырыптары сүйіспеншілік болды. Бірақ, олар сүйіспеншілікті капиталистік қоғамдағы жеке адам өмірінің және адамдар арасындағы қарым-қатынастардың шіріген, со-рақылданған жағымен араластыра көрсетті. Ал, Толстойдың сол кез

Дүниежүзілік бірінші соғыс Алек-сей Толстойдың жазушылық өміріне үлкен өзгерістер енгізді. «...Мен шын өмірді көрдім. Символистердің денемді қаптаған қара киімін дақтырып тастап, мен бұл өмірге белсене қатыстым. Мен орыс халқын көрдім» деп жазды ол сол кезде.

«Өмір талқысы» атты трилогиясының бірінші бөлімі — «Қарындас-тар» деген романында жазушы со-ғыстан бұрынғы Петербургтің өмірін суреттейді. Онан кейін соғыс тың басталуын, патшаның құлауып, социалистік революцияның жеңісін баяндайды.

Екінші — «Он сегізінші жыл» деген кітабында Россияның соғыстан шығуы, совет өкметі үшін күрес, азамат соғысы туралы жазады. Россияның тамаша адамдары денкиң пілдерге, махновшыларға, корниловшыларға тағы басқа толып жатқан халық жауларына қарсы революция, Отан, совет өкметі үшін күрес жүргізеді.

Ал, трилогияның үшінші бөлімінде акваторияшылардың қыйратылуы, Россияның жаңа социалистік өмірге көшуі туралы айтылады. Сөйтіп, жазушының бұл еңбегінде орыс интеллигенциясының өмірі мен ұлы революция жылдары және азамат соғысы кезіндегі Россияның тарихи тағдыры анық, шын мағнада суреттелген.

Алексей Толстой 1917 жылдың қысында өзінің «Ұлы Петр» деген тарихи романын жаза бастады. Жазушы бұл романда орыс тарихындағы ұлы өмір өзгерістері кезіндегі орыс халқының тамаша қасиеттерін Петрдің бойына жыйнаған. Кітапта Петрдің өз бойындағы қуат орыс халқының бойындағы қуатпен бірге ұштасады. Оқушы сол заманда орыс өміріне Петр сыяқты күшті адамның керек екендігін, Петрдің орыс халқының өміріне енгізген әрбір жаңалығының халықтың тарихындағы заңды, орынды жаңалық екендігін аңғарады.

Алексей Толстойдың жазушылық

Совет Армиясының 34 жылдығына арналған Копенгагендегі дания-совет қоғамының жыйналысы

КОПЕНГАГЕН, 20 февраль. (СОТА). Кеше Копенгагенде Совет Армиясының 34 жылдығына арналған дания-совет қоғамының жыйналысы болды. Жыйналыс болған зал ССРО және Данияның мемлекеттік туларымен безендірілді.

Дания-совет қоғамының председатели профессор Иорген Иоргенсен өзінің сөзінде гитлершіл Германияны талқандап, европа халықтарын, соның ішінде, дания халқын гитлершіл бұғаудан азат еткен Совет Армиясының аса маңызды ролін атап көрсетті.

«Бүгін, — деп мәлімдеді ол, — Совет Армиясының жылдығын атап көрсетумен біз, датчандар, нацистердің бұғауына Данияны азат еткені үшін Совет Армиясына өзіміздің зор алғысымызды білдіреміз».

Совет Армиясы туралы жазушы Петер Роде баяндама жасады.

Кореядағы оқыйғалар

Халық Армиясы бас командованиясының хабары

ПХЕНЬЯН, 20 февраль. (СОТА). Корея Халық - Демократиялық Республикасы Халық армиясының бас командованиясы 20 февраль күні былай деп хабарлады: Корея Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірлесе тығыз қыймыл жасай отырып, бұрынғы алып тұрған шептерінде жауға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.

Батыс және орталық майдандардың кейбір участоктерінде соңғы екі күзде — 19 және 20 февраль күндері — жау артиллерия және танктердің қолдауымен атакалар жасады. Халық армиясының әскерлері жаудың атакасын көңілдегідей тойтарып тастап, оны үлкен шығындарға

бірқатар колхоздарда қорамдық мал жанында да жемшөп қатаң күзетке алын уапқа тарту тапсырылды.

Колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуы

Сөз көп, іс жоқ

Осы жылғы январь айында КБ(б)П баспасы аудандық комитеті өзінің бюро мүшелерінің бірінде колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуының барысы жөнінде арнаулы мәселе қарады. Онда осы жылға дейін аудан колхоздарының бас маман көшілігінде дерлік колхозшылардың оқуының жайы өте-өте нашар екені, колхоз және МТС басшылары мен агрономдардың бұл мәселеге жеңіл-желпі қарағаны, оған жеткілікті маңыз бермейді деген сөз болды. Істің шын жайымен танысқан аудандық партия комитеті осы мәселеде колхозшылардың өндірістен қолы айналып, ұш жылдық агро-зоотехникалық оқуын колхоздардың барлығында дерлік үздіксіз өткізу, оның идеялық дәрежесін негізінен жақсарту жөнінде шешімді қарар қабылдады. Тағайындалған күндерде сабақтың үнемі өтіп тұрып, оған ауыл шаруашылығы мамандарының: озат егіншілер мен мал өсірушілердің көптеп қатысуына қамтамасыз етілуіне, колхоз, МТС басшыларына және агрономдарына тапсырылды.

Бәріміз қабылданған шара белгіленген мерзімге дейін оқу уақыт өтті. Алайда, іс-шараларда өзгеріс жоқ. Өйткені, аудандық партия комитеті өз қарарының орындалуын қамтамасыз етпеді. Бәріміз е, ол оның орындалуын, қалай жүзеге асырылатынын тексеріп білген де емес. Оның салдарынан, колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуының жайы әлі күнге дейін қанағаттанғысыз болып тұр. Аудан колхоздарының көпшілігінде жылдық агро-зоотехникалық курстар сабақ мүлдем өтпейді. Ал, мұнымен бірге, үздіксіз жұмыс істейді деп санауымыз зоотехникалық және агротехника-

лық топтардың өзінде сабақ сапа жағынан төмен дәрежеде өтіп жүр. Себебі — агрономдар мен зоотехниктер сабаққа әзірліксіз келеді де, тыңдаушыларға белгілі бір мәселеден жүйелі білім бере алмайды.

Колхозшылардың оқуы, әсіресе, «Сталин жолы» колхозында нашар. Біріншіден, мұндағы ұш жылдық агро-зоотехникалық курста сабақ тағайындалған мерзімде өтпейді, екіншіден, бұл курста оқылып жүрген лекциялардың сапа дәрежесі өте төмен. Бұған осы курста сабақ өткізуге белгіленген уақыттың агроном Бунгурцев тікелей кінәлі. Өйткені, ол өзінің білімін көтере, мамандығын үздіксіз арттыра беру ісімен жеткілікті мұғалымдайды, сабаққа көбінесе дайындықсыз келеді.

Ал, ауданның Калинин атындағы колхозына аласақ, мұнда оқу жылы басталғаннан бері агро-зоотехникалық курста тіпті бір рет те сабақ өтпеді. Жұмырда болып отырған есеп беру-сайлау жыйынымында колхоз мүшелері агроном Шоқанбетовті бір рет те сабақ өткізбегені, бұған қатысты жағдайларды пайдаланбағаны үшін айып сынап, өздерінің білімдері мен мамандықтарын берген сайын көтере беруіне өте ынталы өлеңдерін айтты және колхоз басқармасының жаңадан сайланған құрамына бұл мәселеге жете көңіл бөлуді тапсырды. Дегенмен, бұл колхозда колхозшылардың оқуы күні бүгінге дейін жолға қойылмай келеді. Ауданның баспа да бірнеше колхозында кәзір жағдай дәл осындай

М. ӘКІМЖАНОВ.
(Өз тілшіміз).

Ғылым мен тәжірибе ұштастырылуда

Калинин атындағы ауылшаруашылық артеліндегі зоотехникалық топта сабақ үздіксіз өтіп тұрады. Бұл топта 12 адам оқып жүр.

Топтың жұмысын зоотехник Кукса жолдас басқарады. Зоотехникалық топта оның кінәсінен сабақ өтпей қалған емес. Ол оқу жылы басынан бері 18-ден астам лекция оқыды.

Ол өзінің лекцияларында ғылым мен тәжірибені шебер ұштастыра біледі. Осы арқылы ол колхозшыларға тынақты білім беріп жүр. Мәселен, Куксаның «Малды азықтандырудың жолдары» деген тақырыптары лекциясында тыңдаушылар мәселемен қолма-қол таныстырылды. Кәзір колхоз мал өсірушілері топта алған білімдерін өздерінің күнбе-күнді жұмыстарында үзбей қолданып жүр. Мұндай мал өсірушілер қатарына колхоз басқармасының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Лавров және таңдаулы сауыншы Артамонова, Айдакова және жылқышы Морев жолдастар жатады.

Колхозшылардың өндірістен қол үзбей оқытын ұш жылдық агро-зоотехникалық оқуы «Дозор Ильича» колхозында да ойдағыдай ұйымдастырылып отыр. Мұнда агрономиялық топ жұмыс істейді. Онда колхоздың Вестов, Лыкина, Баранова және Волошина сыяқты алдыңғы қатарлы егіншілері оқып жүр.

Курста сабақ өткізуді агроном Е. Мельник жолдас белгілі бір тақырыптан лекция оқып, сабақ өткізгеннен кейін колхозшыларды сол мәселемен өндірісте қолма-қол таныстыруға дағдыланған **Ж. ЕСКЕНДІРОВ.**
Соколов ауданы.

Тыңайтқыштар сатып алынды

Сталин атындағы колхоздың колхозшылары (Петропавл ауданы) көктем егісіне тыңғылықты әзірленуде. Барлық ауылшаруашылық саймандары жөндеуден өткен, сондай-ақ барлық тұқым толығынан тазартылған.

Колхоз быйыл минералды тыңайтқыштар сатып алу үшін 20 мың сом қаржы бөлді. Сөйтіп, егістік жер 80 мың тонна суперфосфат және селитрмен өңделеді.

ТЕМЕКІНІ ҰЯЛА

Октябрь ауданындағы колхозының темекі себу шелері өткен жылы темекі қолданды. Бұл темекінің анағұрлым арттырды қарағанда өткен жылы центнер темекі артық жиналды. М. Бычкар, У. Прида қарған звенолар 51,1—71 темекі жыйнады.

—00—

Редакцияға хат

ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАРЫН УАҚЫТЫНДА АЛА АЛМАЙ

Аманкелді атындағы (Преснов ауданы) ауылшаруашылық артелінің 1-егіс бригадасының мүшелері өздері жазылған газеттері мен журналдарын ала алмай отыр. Кей уақытта газеттер мен хат-хабарлар бригадала жұмыс істеп жүрген адамдардың қолына 20-25 күн кешігіп келеді. Олардың газеттері мен журналдарын хат тасушы, көбінесе, колхоз кеңсесіне тастап, өзі бетімен кете барады. Бұл

жөнінде газет алатын колхоз басшыларына, Майкөл Советінің председателіне Бірақ олар көпшіліктің аспайды.

Келешекте Преснов ауданы бөлімі Аманкелді атындағы ауылшаруашылық артелі мүшелерінің журналдарын уақытында жеткізіп деп тілейміз.

ССР Одағы ауылшаруашылық Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысындағы облысаралық филиалы Бүкілодақтық есеп және жұмыстан қол үзбей сырттан оқу үшін мынадай мамандыққа қабылдайды:

Колхоз есебінің бухгалтерлері, колхоздың екі жүйелі есебі бойынша есепшілер, аудандық ауылшаруашылық бөлімдерінің нұсқаушы-бухгалтерлері, Колхоздың тексеру комиссиясының председателдері, МТС бухгалтерлері.

Мына адрес бойынша түсінік алуға болады: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы № 3 почта жәшігі, ВЗУК.

«Казгостройпроектге» түпкілікті жұмысқа инженерлер, техниктер және құрылысшы-жобалаушылар керек. Жұмыс жайы жөнінде Петропавл қаласы, Ленин көшесі 38-үйде немесе қалалық Советтің коммутаторы арқылы № 96 телефон бойынша түсінік алуға болады.

Облыстық автомобиль жөндеу зауытының автомобиль жөндеу терскойы автомобиль паркін және камераларын алады.

Бұл жөнінде Петропавл Сталин көшесі 89-үйге хат жазуға болады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-87, редактордың көмекшісі — 1-88, редактордың орынбасары — 1-89, редактордың көмекшісі — 1-90, редактордың орынбасары — 1-91, редактордың көмекшісі — 1-92, редактордың орынбасары — 1-93, редактордың көмекшісі — 1-94, редактордың орынбасары — 1-95, редактордың көмекшісі — 1-96, редактордың орынбасары — 1-97, редактордың көмекшісі — 1-98, редактордың орынбасары — 1-99, редактордың көмекшісі — 1-100. Редакцияның телефондары: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-87, редактордың көмекшісі — 1-88, редактордың орынбасары — 1-89, редактордың көмекшісі — 1-90, редактордың орынбасары — 1-91, редактордың көмекшісі — 1-92, редактордың орынбасары — 1-93, редактордың көмекшісі — 1-94, редактордың орынбасары — 1-95, редактордың көмекшісі — 1-96, редактордың орынбасары — 1-97, редактордың көмекшісі — 1-98, редактордың орынбасары — 1-99, редактордың көмекшісі — 1-100. Редакцияның телефоны: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-87, редактордың көмекшісі — 1-88, редактордың орынбасары — 1-89, редактордың көмекшісі — 1-90, редактордың орынбасары — 1-91, редактордың көмекшісі — 1-92, редактордың орынбасары — 1-93, редактордың көмекшісі — 1-94, редактордың орынбасары — 1-95, редактордың көмекшісі — 1-96, редактордың орынбасары — 1-97, редактордың көмекшісі — 1-98, редактордың орынбасары — 1-99, редактордың көмекшісі — 1-100.